e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні 27.12.2019
Сақтау күні 29.03.2024
Дата редакции 27.12.2019
Дата скачивания 29.03.2024

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
(ҚР Президентінің 06.08.2014 ж. N 875 Жарлығымен құрылды)

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 97 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 30 желтоқсанда № 19799 болып тіркелді

Министерство национальной экономики Республики Казахстан

«Жергілікті атқарушы органдар борышының 2019 жылға арналған лимиттерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 26 қыркүйектегі № 20 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Жергілікті атқарушы органдар борышының 2019 жылға арналған лимиттерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 26 қыркүйектегі № 20 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17442 болып тіркелген, 2018 жылғы 10 қазанда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жергілікті атқарушы органдар борышының 2019 жылға арналған лимиттері осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Мемлекет міндеттемелерін басқару және қаржы секторын дамыту саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі **Р. Даленов**

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылға № бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 26 қыркүйектегі
№ 20 бұйырығына
қосымша

Жергілікті атқарушы органдар борышының 2019 жылға арналған лимиттері

№	Жергілікті атқарушы орган	Жергілікті атқарушы органдар борышының лимиті, мың теңге
1	2	3
1	Ақмола облысы	47 750 695,0
2	Ақтөбе облысы	58 436 233,4
3	Алматы облысы	50 567 598,2
4	Атырау облысы	39 031 799,1
5	Шығыс Қазақстан облысы	66 042 277,0
6	Жамбыл облысы	60 019 808,6
7	Батыс Қазақстан облысы	51 433 929,2
8	Қарағанды облысы	59 357 678,3
9	Қостанай облысы	52 863 853,7
10	Қызылорда облысы	53 305 967,2
11	Маңғыстау облысы	28 088 528,4
12	Павлодар облысы	32 486 807,7
13	Солтүстік Қазақстан облысы	39 073 332,2
14	Түркістан облысы	44 703 040,0
15	Алматы қаласы	62 308 926,2
16	Нұр-Сұлтан қаласы	101 778 169,7
17	Шымкент қаласы	63 058 564,0